

## СЕНІМДІ ҮНТІМАҚТАСТЫҚ

Франция әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен ғылым және білім саласындағы ынтымақтастықты нығайтуға ниетті, ал басым бағыт аэрокосмонавтика саласы болады. Бұл туралы Франция-Қазақстан достық тобының төрағасы Пьер Кабарэ мырза университет басшылығымен кездесу барысында мәлімдеді.

## Аса маңызды, тарихи күн

16 желтоқсан – Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Тәуелсіздігін жариялаған күн. Тура осыдан 27 жыл бұрын Алматы қаласында Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Конституциялық заңды қабылдады. Бұл заң арқылы Қазақ Елі өзін дербес, азат, тәуелсіз деп бүкіл әлемге жария етті.

Бұл датаның маңызын анықтап, мәнін түсіну үшін өткен тарихқа көз жүгіртіп, жер жүзіндегі халықтармен тәуелсіздікке қол жеткізген халқымызды салыстырып көрейік.

Мемлекет, мемлекеттілік деген ұғымдардың жүзден аса анықтамасы бар екен. Гуманитарлық және қоғамдық ғылымдардағы әртүрлі мамандықтар мен олардан таралатын салалар иелері бұл анықтаманы өз мамандықтары тұрғысынан түсіндіруге тырысатыны байқалады. Қалай десек те, мемлекет және мемлекеттілік анықтамаларда бірнеше белгілер жиі қайталанады. Олар – мемлекеттің қоғамды басқарушы, қоғамдық қатынастарды реттеуші және дамытушы міндеттері.

Осындай белгілерге қарап, біз қазіргі Қазақстан аумағындағы мемлекеттіліктің кем дегенде үш мың жылдық тарихы бар деген тұжырымды ұстанамыз. Мемлекеттіліктің алғашқы негіздері скиф, сақ және сармат дәуірлерінде қалыптаса бастап, оның негізгі белгілері үздіксіздік және сабақтастық принциптері арқылы дами келе, ғұн, үйсін, қанлы дәуірлеріне ұласады. Одан әрі мемлекеттіліктің дамуы түрік дәуірінде кең құлаш жаяды. Түрік қағанаты өз дәуіріндегі ең қуатты империялардың бірі болып саналады. Мемлекеттілік одан әрі оғыз-қыпшақ дәуірінде, Алтын Орда, Ақ Орда дәуірлерінде дами келе, қазақ хандығына келіп тіреледі. Қазақ хандығының өзіне тән ең басты ерекшелігі, ол – Қазақ халқының ұлттық сипаттағы мемлекеті болды.

Қазақ хандығы өз тарихында төрт ғасырдай өмір сүріп, басына бақ қонған, бақ ұшқан замандарды өткерді. Уақыт жағынан алғанда кейінгі ортағасырларда өмір сүрген Қазақ хандығы қазақ этносының этникалық аумағын қалыптастырды, оны сыртқы жаулардан қорғауды ұйымдастырды. Өз тарихында келер ұрпаққа өнеге болар небір оқиғаларды басынан өткерді. Ең бастысы, мемлекет өзінің негізгі міндеттерін атқара білді. Осы дәуірде қазақ халқы өз мемлекетінің арқасында әлемге танылды, өзінің Отаны – Қазақстанның орасан зор аумағын сақтап қалды.

XIX ғасырдың ортасында Қазақ хандығы ішкі және сыртқы себептердің әсерінен әлсіреп күйреді де, көршілерге таланып, тарихтың көшінде қалды. Қазіргі күннің тұрғысынан қарасақ, Қазақ хандығы – XV ғасыр ортасында ортағасырлық мемлекет ретінде қалыптасып, XVIII-XIX ғасырларда жаңа заманның талаптарына сай бейімделе алмады.

Мемлекеттіліктің күйреуімен ғасырлар бойы қалыптасқан саяси-әкімшілік басқару жүйесі де күйреді. Өз мемлекеті күйреп, тарихтың көшіне ілесе алмағандықтан ел мен жердің тағдыры патшалы Ресейдің қолына өтті. Мемлекеті жоқ ел – нағыз қорғансыз ел болып, талан-таражға түсті. Жердің асты мен үстіндегі бар байлық өзгенің қолына көшті. Тіпті халықтың негізгі байлығы мал болса, мал жайылатын жайылымды жерлердің өзіне мал жаюға тыйым салынды.

Жалғасы 5-бетте



қадрларды қалыптастыруға бағытталғанын, осыған байланысты орталықтың қызметін кеңейту мүмкіндігін қарастырып, оның мәртебесін әлемдік деңгейге дейін көтеру керектігін атап өтті.

Келіссөздер барысында Франция-Қазақстан достық тобының депутаты және төрағасы Пьер Кабарэ мырза Қазақстан мен ҚазҰУ ынтымақтастығының маңыздылығына тоқталды. Пьер Кабарэ ҚазҰУ кампусының аумағын аралап, оның қызметімен танысып, университеттің болашаққа арналған көптеген жұмыстардың нәтижесі қазірдің өзінде көрсетіп отырғанын айтты. Олекі ел жоғары оқу орындары арасындағы стратегиялық әріптестіктің алдағы уақытта одан әрі дами түсетініне сенім білдірді.

Өз кезегінде Қазақстан Республикасындағы Францияның Төтенше және Өкілетті Елшісі Филипп Мартинэ ҚазҰУ басшылығына Қазақстанда бірлескен бірқатар іс-шаралар өткізуді ұсынды. Тараптардың пікірінше, мұндай жобалар серіктестер арасындағы сенімді нығайтуға және ынтымақтастықты кеңейтуге ықпал ететін болады.

Баспасөз қызметі

ҚазҰУ ректоры Ғалым Мұтанов Франция мен Қазақстан арасындағы стратегиялық әріптестіктің сенімді түрде алға қадам басып келе жатқандығын ерекше атап өтті. Қазіргі таңда ҚазҰУ Францияның 30-дан астам жоғары оқу орындарымен ынтымақтастық қарым-қатынаста. Атап айтар болсақ, Лотарингия ұлттық политехникалық университеті, Дидро университеті, Страсбург университеті, Орлеан университеті, Роберт Шуман атындағы университет, Тулуза және басқа да ЖОО-мен табысты қызмет етуде. Университеттер арасындағы ғылыми-білім беру саласындағы коллаборацияның басқа да нәтижесі қос дипломды білім беру болып табылады. Сонымен қатар жыл сайын оқытушылар мен студенттер тағылымдамадан өтіп, зерттеу жобалары мен жазғы мектептерге қатысады. Қазіргі таңда ҚазҰУ-да Францияның бес студенті тағылымдамадан өтуде.

Кездесу барысында тараптар бакалавриат, магистратура мен докторантурадағы қос дипломдық бағдарламаларды жүзеге асыру мәселелерін қозғап, ҚазҰУ базасында құрылған "Геоэнергетика" Қазақстан-Француз ғылыми-білім беру орталығының қызметін талқылады. ҚазҰУ ректоры 2010 жылдан бастап қызмет жасап келе жатқан аталмыш орталықтың ғылыми

**ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ**  
ӘЛЕМІ



2-бет

**УНИВЕРСИТЕТ**  
**НАНОСПУТНИГІ**  
**ҒАРЫШҚА СӘТТІ ЖІБЕРІЛДІ**



3-бет

**NATIONAL AWARENESS**  
**DAY OF INFORMATION**  
**LITERACY**



7-page

**Таяуда әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің ұйытқы болуымен Шыңғыс Айтматовтың 90 жылдығына арналған «Шыңғыс Айтматов әлемі» атты халықаралық ғылыми-практикалық конференция жоғары деңгейде ұйымдастырылып, оған шет елдерден және республикамыздың түкпір-түкпірінен, сондай-ақ Алматы қаласының жоғары оқу орындарынан келген қонақтар қатысты.**

Конференция жұмысын кіріспе сөзбен ашқан университет ректоры, академик Ғалым Мұтанұлы өз сөзінде Айтматов кеңестігінің көкжиегі кең екенін тілге тиек етті. «Шығармаларында туған халқының тарихи тағдыр-талайындағы ұлылық пен қасіретті тұтастай көрсете білген Шыңғыс Айтматов осынау сан тарау мәселелердің адамзат баласына ортақтығын айқындай алды. Әлемдік әдебиет кеңестігінде өз орнын айқындау жазушының әдеби өдісіне емес, жазушының азаматтық тұлғасына тығыз байланысты. Шыңғыс азаматтық тұлға ретінде өз шығармаларында жалпы адамзаттық мәселелерді өз уақытымен шендестіре өзектендіріп, нақты адамдар тағдыры арқылы көтеретін өзіндік Айтматов стилін қалыптастырды», – деп айрықша атап өтіп, Шыңғыс шығармаларының бүгінгі өскелең ұрпақ тәрбиесі үшін аса маңыздылығына тоқталды.

Конференцияның салтанатты ашылуында құттықтау сөз сөйлеп, лебіздерін білдірген Қазақстан Республикасындағы Қырғыз Республикасының Бас консулы Алиябек Алымқұлов, Қазақстан халқы Ассамблеясы жанындағы Қырғыз этномәдени бірлестігінің төрағасы Руслан Мамыров, Әзірбайжан ұлттық академиясының академигі, жазушы Теймур Керимли, белгілі қоғам қайраткері, көрнекті акын Нұрлан Оразалиндер тек қырғыз әдебиетінің ғана емес, тұтас түркі мәдениеті мен әлем әдебиеті кеңестігінде қаламгер әлемі «Адамзаттың Айтматовы» қолтаңбасымен даралана түсетініне айрықша тоқталып өтті. Кембридж университетінің зерттеушісі Шокан Лаумулиннің, Қырғыз Республикасы ҰҒА Ш.Айтматов атындағы Тіл және әдебиет институтының бас ғылыми қызметкері Айнура Қадырманбетованың баяндамаларында Айтматовтың әдеби мұрасының жалпы адамзаттық құндылықтарды дамытудағы орны, түркі дүниесінің,

## ШЫҢҒЫС АЙТМАТОВ ӘЛЕМІ



әлемнің бірегей жазушысы екендігі, көркемдік ізденістерінің сан қырлылығы қамтылып, қаламгерлік ұстанымы сараланды.

Жазушы, драматург және қоғам қайраткері Роллан Сейсенбаев басып шығарған «Қош бол, Гүлсары» атты кітаптың тұсаукесері жасалып, университет кітапханасына сыйға тартылды.

Өз кезегінде Айтматов академиясының директоры, профессор Рахима Абдувалиеваның (Ұлыбритания), Лондон шығыстану және африкатуан мектебінің оқытушысы Джонатан Фрейердің (Ұлыбритания) шөберлік дәрістері өткізіліп, жиынға қатысушылар Еуразия жазушысының даңқ жолының бағыт-бастауларына, ағылшын, неміс, француз тілдеріне аударылуының жай-жапсарына қанықты. Екі күнге созылған конференция өз жұмысын «Ұлы дала өркениеті және Ш. Айтматов әлемі», «Шыңғыс Айтматов және әлемдік әдеби

үдеріс» бағыттары бойынша жалғастырып, көрнекті қаламгердің әлемдік руханияттағы мәдени, көркемдік-эстетикалық әлемінің қайнар көздері, Шыңғыс шығармаларындағы қазақ тақырыбы, туындыларының өзегіндегі этно-мәдени құндылықтар сыры баяндамашылардың жұмыстарында көрініс тауып жатты.

Қорытынды пленарлық мәжілісте Айтматов әлемінің сан қырлылығы, түркі дүниесіндегі тұғырлы тұлғасы нақты тұжырымдалып, конференция материалдары алдағы уақытта Лондон қаласында, ағылшын тілінде де жарық көретін болды.

**Шокан ШОРТАНБАЕВ,**  
әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің аға оқытушысы

### ■ QYSQA-NUSQA

**Жыырда Қыр Shygy's kafedrasynyn oqytyshtylary Chan Beng Syn men Miong Syn Ok shaqyrtylgn professorlar retinde Ny-Delhegi Djavaharlal Neryn yniversitetini Tiltany, adebiettany jne madienittany mektebinde stidentter, magistranttar men doktoranttarga arналgn Azia qayymdastygy kyrstarynyn arнай dartisterine qatysty.**

Chan Beng Syn men Miong Syn Ok 2017 jyldan beri bineshe ret Kompl'tenstegi Madrid yniversitetinde (Ispania), Madrid avtonomiyalyq yniversitetinde (Ispania), Tai Sayda Palatasynyn yniversitetinde (Bangkok, Tailand) «One Asia» jobasyn juzege asyry maqsatynda dartister oqyp keledi.

«One Asia» qory «Azia qogamdastygy» bagdarlamasyna qatysyshty yniversitetter men galymdarга qarjylai komek korsetyde. Qordyn maqsaty – azia elderini gnuldenyi, turaqtylygy jne beibit qatar omir suryi. Qazirgi tanda bul jobaga al-Farabi atyndagy QazUY men JNU-di qosa alghanda alemnin 300-den astam yniversitetteri kiredi.

**Qыр Shygy's kafedrasynyn**

\*\*\*

**Al-Farabi atyndagy QazUY-da «Ryhani janygyry» bagdarlamasy aasynda halyqaralyq qatynastar fakyltetini uymdastyrymen «Biznesmeny» atty filmni gnusirili tobymen kezdesy otti.**

Atalmysh kezdesyde kinorejisser, ssenarist, prodysyer Aqan Sataev, akter Sanjar Madi, film prodyseri Ernar Qurmashev jne bloger Beibit Alibekov pen fakyltet oqytyshtylary jne de stidentteri boldy.

Is-shara barysynda qonaqtar bgingi Qazaqstan kinematografiasynyn qalai damyp kele jatqandygy tyraly, otandyq kinony gnalemdik arenaга shygy mumkindikteri men koreremen qayymny qyzygyshylygy jne de «Biznesmeny» filmi tyraly agnime orbitti. Osy oraida aita ketu kerek «Biznesmeny» filmi gn keibir epizodtary QazUY qalashygynda tusirilgen bolatyn.

Kezdesy «Ona», «Jay jurek myn bala», «Raiony», «Anaga aparar jol», «Reketir» jne basqa da filmder ushin Aqan Sataevqa oz algystaryn bildirgen stidentter atalmysh kezdesyden erekshe aser aldy. Shara sohynda stidentter ozderin qyzyqtyrgan suraqtarга jayap alyp, qazaqstandyq kino juldyzдарymen selfi jasady.

**Halyqaralyq qatynastar fakylteti**

\*\*\*

**Nedavno v Kazahskom yniversitete mejdnarodnyh otnosheni i mirovyh iazykov im.Abylaihana sostoialas masshtabnaia mejdnarodnaia olimpiada po koreiskomy iazyky. V nei primial ychaste 40 stidentov iz 15 VYZov Kazahstana, Kyrgyzstany, Yzbekistany i Rossi.**

V meropriatni takje primial ychaste i stidenty otdelena koreevedeniya kafedry Dalnego Vostoka fakylteta vostokovedeniya KazNY im.al-Farabi. Na mejdnarodnom konkyrse znatokov koreiskogo iazyka nasha stidentka 4-kyrsa Roza Ylan zaniala prizovoe trete mesto. Pobeditel byl nagrjden sertifikatom i prizom v denejnom ekvivalente.

Stident-pobiditel kafedry Dalnego Vostoka v ocherednoi raz pokazal vysokii yroven znani v oblasti koreiskogo iazyka, otstoiav chest Kazahskogo nasionalnogo yniversiteta imeni al-Farabi. Eto dostizhenie poslyjilo horoshim primerom dlia vseh koreevedovy-chastnikov.

**Kafedra Dalnego Vostoka**

Соб. корр.

### ■ РЕКТОРАТ

**Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ мен Ж. Жиёмбаев атындағы қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институты арасында ынтымақтастық орнату туралы келісімшартқа қол қоюмен басталған кезекті ректорат мәжілісі университеттің күн тәртібіндегі басты мәселелерді жан-жақты талқылаумен ұласты.**

## Техника тілін меңгеру қоғам қажеттілігі

«Ж. Жиёмбаев атындағы институт – ауыл-шаруашылық дақылдарын қорғау және өсімдіктер карантині жүйесін ғылыми тұрғыда қамтамасыз ету, өсімдіктерді биологиялық қорғау өнімдерін құру және бағалаумен айналысады. Әлемнің 12 елімен байланыс орнатқан институт бүгінде қазақ ғылымының көшін өрге сүйреп келе жатқан әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен тығыз байланыста. Оған дәлел жас мамандардың басым көпшілігі бізге осы аталған білім ордасынан келіп, өсімдік қорғау карантин саласы бойынша біліктіліктерін арттырып, заманауи технологияларды меңгеруде», – дейді Ж. Жиёмбаев атындағы қазақ өсімдік қорғау және карантин ғылыми-зерттеу институтының бас директоры Сағитов Абай.

Техника тілін меңгеру қоғам қажеттілігі деген оқу жұмысы жөніндегі проректор Асқар Құсупбеқұлы «Бүгінде дамыған елдердегі білім беру жүйесіндегі ерекше маңызды болып табылатын мәселелердің бірі – оқытуды ақпараттандыру, яғни оқу үрдісінде ақпараттық технологияларды пайдалану болып табылады. Қазақстандық білім беру жүйесі әлемдік білім беру кеңестігіне енуге бағыт алды. Бұл педагогика теориясы мен оқу-тәрбие үрдісіндегі елеулі өзгерістерге байланысты болып отыр. Білім берудің парадигмасы және мазмұны жаңарып, жана көзқарас, жанаша қарым-қатынас пайда болды. Білім беру саласы қызметкерлерінің алдына қойып отырған міндеттерінің бірі – оқытудың әдіс-тәсілдерін үнемі жетілдіріп отыру және қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды меңгеру бүгінгі күннің талабы», – деді проректор. Сонымен қатар жиын барысында университеттің наноспутнигінің іске қосылуы туралы технопарк директоры Әмірхан Әділханұлы баяндама жасап, ҚазҰУ-да жасалған қазақстандық «Al-Farabi-2» наноспутнигі ғарышқа сәтті ұшуын атап өтті. Сондай-ақ ол Қазақстанның әуе-ғарыш саласының дамуына үлес қосып, болашақта университет бұл бағытта көптеген ғылыми-зерттеулермен айналысатын болады деп қалап айтты.

Жиын соңында көп жылдық еңбегі мен «Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-ға сіңірген ерен еңбегі үшін» ғылыми-инновациялық қызмет жөніндегі проректордың кеңесшісі, Ғылыми сыйымды технологиялар кластерінің бас директоры, профессор Кетегенов Тілек күміс медальға ие болса, «Алаш үміті» атты II республикалық рухани жаңғыру фестивалінде жеңімпаз атанған тарих мамандығының 2 курс студенттері: Әбеу Бағлан мен Әбілдос Рамазан арнайы марапатталып, «Al-Farabi-2» наноспутнигінің сәтті ұшырған ғылыми қызметкерлерге алғыс хат табысталды.

Айнұр АҚЫНБАЕВА

## ПОЭТИЧЕСКИЙ СБОРНИК ГУСЕЙНА ДЖАВИДА

**Сборник стихов на казахском языке выдающегося поэта и драматурга Азербайджана начала XX века Гусейна Джавида презентован в КазНУ им. аль-Фараби.**



В торжественном мероприятии приняли участие ректор КазНУ академик Ғалым Мутанов, Чрезвычайный и Полномочный Посол Азербайджанской Республики в РК Рашад Мамедов, академик Национальной академии наук Азербайджана Теймур Керимли, видные общественные деятели, писатели и поэты, представители азербайджанской диаспоры, преподаватели и студенты университета.

Открывая мероприятие, Ғалым Мутанов отметил высокий уровень дружественных отношений Казахстана и Азербайджана. «Сотрудничество между двумя странами динамично развивается во многих сферах, в том числе и в научно-образовательной. У нас общие тюркские исторические корни и культура. В КазНУ открыт Азербайджанский культурный центр, который стал местом притяжения студентов и преподавателей, изучающих историю, традиции и обычаи народа этой прекрасной страны», – сказал в приветственной речи ректор.

Чрезвычайный и Полномочный Посол Азербайджанской Республики в РК Рашад Мамедов поблагодарил руководство и

коллектив КазНУ за организацию презентации книги. Он рассказал о значении творчества Гусейна Джавида не только для азербайджанцев, но и для народов тюркского мира. «Казахстанцы получили прекрасную возможность ближе познакомиться с творчеством одного из лучших и известного миру поэтов Азербайджана. Это еще одна духовная нить, связывающая два братских народа», – сказал Посол. Также он отметил, что при содействии Посольства на азербайджанский язык переведены труды Абая, а в Баку открыт Центр по изучению истории и культуры Казахстана, названный его именем.

Академик Теймур Керимли подробно ознакомил собравшихся с творчеством Гусейна Джавида, его богатым внутренним миром и глубокими философскими мыслями. «Стихи поэта, лирика и философия переведены на многие языки мира, очень рад, что они вышли в свет на казахском языке», – отметил гость.

Мероприятие прошло в теплой дружеской обстановке, на встрече в исполнении студентов КазНУ прозвучали произведения великого поэта на азербайджанском и казахском языках.

**Илон Масктың «SpaceX» компаниясы әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-да жасалған қазақстандық «Al-Farabi-2» наноспутнигін іске қосты.**

## УНИВЕРСИТЕТТІҢ НАНОСПУТНИГИ ҒАРЫШҚА СӘТТІ ЖІБЕРІЛДІ



Ғылым мен спутник құрастыру тарихында тағы бір маңызды кезеңді айғақтайды. ҚазҰУ наноспутнигін осымен екінші рет ғарышқа енгізді. Бірінші «Al-Farabi-1» ғарышқа

2017 жылдың 15 ақпанында Үндістандағы Сатиш Дхаванатындағы ғарыш алаңынан жіберілген болатын. Ол түрік әлемінің көрнекті оқымыстысы, біздің университетке есімі

берілген әл-Фарабидің құрметіне аталған болатын», - деді жоба жетекшісі академик Ғалым Мұтанов.

Ғарыштық технологиялар саласында ұлттық ғылыми мектеп құру, жобалау, құрастыру және наноспутниктерді ұшыру бойынша кең көлемді жоба, осы салада жоғары білікті мамандарды даярлау ҚазҰУ-да халықаралық «UNIFORM» консорциумы аясында 2013 жылдан бері жүзеге асырылып келеді.

Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Қазақстандық «цифрлы дәуірге» енгізу бойынша «Төртінші өнеркәсіптік революция жағдайындағы дамудың жаңа мүмкіндіктері» атты Қазақстан халқына арналған Жолдауда айтылған Елбасы тапсырмаларын орындауда мақсатты түрде жұмыстар жүргізуде. Ғылымды қажет ететін жаңа технологияларды және техникалық, соның ішінде ғарыштық салада құралдарды құру университет қызметіндегі басым бағыттар болып табылады.

Өз тілшімізден

**Президент Италии Серджо Маттарелла наградил заведующего кафедрой международных отношений и мировой экономики факультета международных отношений КазНУ им. аль-Фараби Ермака Чукубаева орденом «Звезды Италии».**

## ЗВЕЗДА ИТАЛИИ



Соб.кorr.

## ЖАҢА ИНТЕРНЕТ-ЖОБА OPEN MASTER CLASS

**10 желтоқсанда Қазақстанның ашық білім беру ұлттық платформасында - Open Master Class жаңа интернет жобасын іске қосты.**

Бұл жоба әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті мен Қазақстанның жоғары мектебінің ұлттық ғылым академиясымен бірлесе құрастырылып, іске қосылды.

Open Master Class (<http://omc.moocs.kz/>) – бұл Қазақстанда танымал тұлғалардың: мәдениет және ғылым, бизнес және қаржы әлемі, саясат және жаңа ақпараттық технологиялар өкілдерінің тегін, қызықты және колжетімді онлайн курстары.

Нұсқаушылар – өз өмірлерін сүйікті ісіне арнаған және соның арқасында керемет нәтижелерге қол жеткізген, жарқын тұлғалар және нәрселерге таңқалуды және өмір бойы үйренуді тоқтатпайтын жарқын тұлғалар.

Жобаны медицина ғылымдарының докторы, Қазақ тамақтану академиясының президенті Төрегелді Шарманов «Правильное питание: секрет в балансе» атты шеберлік-сабағы ашса, Astana Group негізін қалаушы бизнесмен Нұрлан Смағұлов – «В бизнесе важны идеи», NASA мен Microsoft халықаралық жарыстарының жеңімпазы жас математик-программист Тимур Рыспеков – «Робототехника: оптимизированные алгоритмы» атты біліктіліктерімен бөлісті.

Нұсқаушылар білім беру, зерттеу, инновация арқылы үздік әлем құру мақсатында білім, тәжірибелерімен пікір алмасты.

Олар өнертапқыш көңілді, мейірімді және ақылды, сүйікті ісіне ие адамдар. Дәріс тренерлері Open Master Class ([omc.moocs.kz](http://omc.moocs.kz/)) Қазақстанның ашық білім беру ұлттық платформасында сізді қарсы алуға дайын.

Өз тілшімізден

## ӨЗАРА КЕЛІСІМ

**Лилль университеті әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-мен бірлесе жаңа білім беру бағдарламаларын әзірлеуді ұсынды. Мұндай қызығушылық Лилль университетінің халықаралық байланыстар жөніндегі проректоры Франсуа-Оливье Сейстің ҚазҰУ-дың бірінші проректоры Мұхамбетқали Бүркітбаевпен кездесуі барысында айтылды.**



құқық, география және табиғатты пайдалану, гуманитарлық ғылымдар және ғылыми-техникалық саладағы ынтымақтастықтың негізгі нысандары белгіленді. Сонымен қатар бірлесе ғылыми зерттеулер жүргізу, қосымша кәсіби білім беру жүйесін дамыту, студенттер мен оқытушы-профессорлық құраммен алмасу бағыттары бойынша ынтымақтасу көзделген. Сондай-ақ Франсуа-Оливье Сейс Лилль университетінің үздік профессорларын ҚазҰУ-

дың PhD докторанттарына жетекші ретінде шақыруды ұсынды.

Кездесу соңында тараптар екі жоғары оқу орындары арасында өзара қызығушылық тудырған ғылым мен білімнің белгілі бір бағыттары бойынша әріптестік орнату келісіміне келді.

Баспасөз қызметі



**Қазақстанның Тәуелсіздік күні қарсаңында ҚазҰУ-дың студенттері мен оқытушыларына арналған қысқы бақ пен би зал ашылады**

# National Awareness Day of Information Literacy



**On October 3, 2018 Round table "IL AWARENESS DAY" was held at Al-Farabi Kazakh National University in the framework of the project "DIREKT - Trans-regional information literacy for lifelong learning" organized by the Department of "Foreign philology and translation studies" of the Faculty of "Philology and World languages". The main aim of the event is to raise awareness among students and faculty members. Academic staff in collaboration majoring in specialties "Translation studies" and "Foreign philology" conducted a discussion on the topic "21st-Century Librarians". At the end of the meeting students performed flash-mob dance.**

"National Awareness Day of Information Literacy" event is the key activity of the DIREKT project implementation in Kazakhstan. Thus, Al-Farabi KazNU has won an international project funded by Erasmus+ from 15.10.2016 till 14.10.2019 and is implementing it in collaboration with 14 foreign universities and organizations. The aim of the project is to develop and improve educational programs in information literacy and academic writing of students, young scientists and academic staff in English language. Working closely with the Coordinating organization KazNU will participate in working groups and form local committee

structures, to ensure the dissemination of project results and the implementation of project initiatives in KazNU, in other Kazakhstani universities.

Developing Trans-regional information literacy for lifelong learning and the knowledge economy

DIREKT-project aim is the promotion of the Bologna Process by means of studying the inclusion of IL competencies into educational programs. Creation of integrated into the curriculum IL programs (inserted into the system of three cycles

(bachelor/master/PhD), provision of quality and acknowledgment of qualifications for development of lifelong learning in society in general.

Among the project objectives we can outline program development of IL for lifelong learning and their use in educational programs when it is applicable. Next on is the development of innovative IL online modules and harmonization of IL programs with those that are at the moment active in EU; Capacity building in higher education institutions for strategic planning and realization of IL programmes. Development of IL policies, regulations its aims, objectives, spreading the information about approaches to development of IL and provision of its sustainability.

**D. KARAGOYSHYEVA,**

*Head of the Foreign Philology and Translation Studies Department*

## Advancing Skills towards Professional Competence

**On November 22, 2018, Department for Foreign Languages, Faculty of Philology and World Languages held an annual master students' scientific-practical conference on the theme: "Advancing Skills towards Professional Competence". The conference was organized for all master students of Kazakh National University.**

The purpose of the conference:

- improving professional and general education of master course students.
- popularization of learning English among master course students of KazNU
- development of intellectual potential of master course students.
- development of the communicative competence of master course students in the context of intercultural communication;

According to the conference program 23 master students presented their reports. All the presenters mainly spoke about the most interesting points of their research work. The following reports rose particular interest of the audience: Mukhaev D: "Unified Intranet portal for public service", Amangeldieva B, Ualibaeva K: "The role of trilingualism in the innovational development of Kazakhstan" Kenzhekulova M, Sabirova R: "Application of mathematical methods for the description of various processes", Bekei A "Artificial intelligence", Zhakay D "Detection and prevention of cyber attacks using Big Data".

In the conclusion of the conference, the best reports were recommended to publish in Vestnik of KazNU or in other scientific journals. The best presentations were awarded with certificates. It is our opinion that such kind of conferences is a wonderful opportunity for master course students to develop their presentation skills.

**U. ADILBAYEVA,**  
*associate professor, Ph.D.*

**Thanksgiving has been inherent in many cultures since ancient times. At the end of autumn, this holiday meant gratitude to heaven for a rich harvest and abundance of fruit.**

Thanksgiving Day in America, which is marked on the fourth Thursday in November, is based on the colonial Pilgrims' 1621 harvest meal. It was a three-day 'thanksgiving' feast in early autumn of 1621 at the Plymouth Plantation in Massachusetts, celebrated together by Pilgrims and Native Americans Wampanoag. The holiday continues to be a day for Americans to gather for a day of feasting, football and family.

We are also considering this holiday as the symbol of intercultural peace, the sanctity of home and family and the opportunity to give thanks for many good things happening in our lives.

On November 22, 2018 the Department of Foreign Languages held a special event dedicated to Thanksgiving Day. The event was organized with the first year students of the specialties "Systems of Information Security", "Automation and Management", "Computer Science and Software", "Information Systems".

The students prepared for the feast with great care. They painted colorful posters and drawings of thanksgiving symbols such as horn of plenty, turkey, pumpkin, corn and fruit baskets and thought out national attributes of Indian and Pilgrim clothes, composed elegant compositions of pies, vegetables and fruits. The students of the specialty "Automation and Management" made an improvised interview about the origin of the American Thanksgiving Day.

Drama presentation of the holiday history was followed

**On November 28, 2018 the 1st meeting of "Yes I can!" club was held. The club was organized on the basis of the department for foreign languages.**

The name of the club is a motivational phrase and sounds very inspirational. It implies the feeling of confidence and belief in one's own abilities, talents and potential. It is commonly known that a lack of confidence can hold people back from reaching their goal. Very often students experience problems in speaking English because of psychological barriers that may be a hindrance for them in achieving oral skills.

So, the aim of the club is to develop our students' self confidence and belief in their own abilities and skills and to give them a chance to practice English in a relaxed, informal environment which will significantly contribute to the development of conversational, listening, reading, writing skills. We believe that in a comfortable and friendly "Yes I can" atmosphere the club members will have an excellent opportunity to express themselves creatively in English, for example, through poetry, drama, storytelling,

## The Day of Gratitude at KazNU



by Thanksgiving Intelligent Quiz and lively contests, such as 'Guess the music with words of thanks', 'What is inside the bag?', 'Share thankful words and phrases'. In the contest «Create your Thanksgiving Rap Song», the performers created an amazing feeling of beat to their songs and the rap performance itself deeply impressed the audience. The most artistic, smart and active students received sweet gifts (A. Amantayev, M. Tsimbalyuk, I. Kuzenbekov, M. Sakeltiyev, A. Iskenderova, A. Bekenova R. Almshova, N. Narzikulzoda, Zh. Sortayeva, A. Gabdrashitov, M. Amangeldy, L. Aldibek, E. Muratbekov, E. Tolendic, A. Rahmetullayev).

An atmosphere of friendship, creativity and fun prevailed during the whole festival! The participants

showed their achievements in studying English, revealed special artistic skills and enhanced their intercultural competencies. cultures. Most importantly, on this day the students once again were able to express gratitude to their parents, teachers and all the people for their kindness and support.

We wish everyone happiness, love and every good thing! Let us more frequently give thanks to each other, for as William Arthur Ward maintained, "gratitude can transform common days into thanksgivings, turn routine jobs into joy, and change ordinary opportunities into blessings".

**Event organizers:**  
**Tsay Ye.N. , Agashkina I.I.**

## Welcome to "Yes I can!" club!

presentations and etc. We also have plans to organize meetings with guest speakers, have discussions on various topics that students are interested in.

The program of the first meeting of the club included various items: monologues, songs, kui, poems, a scene from Shakespeare's tragedy "Makbeth". All performances were in English. The first item in the program was students' monologues on the topic "We are proud of our Country", devoted to the forthcoming Independence Day. Students of group 101, club members, of the Faculty of Chemistry and Chemical Technology emotionally spoke about our wise and heroic ancestors who bequeathed us immense steppes, plains, deserts, forests, rivers, lakes and mountains, thanks to whom now Kazakhstan is the 9th largest country in the world. And that during the years of independence Kazakhstan has reached great achievements in economy, in industry, education, sports and socio-cultural life.

The audience were greatly impressed by Tursun

Kazbek's play on the dombra. With special attention the members of the club listened to the poems by Pablo Neruda dedicated to his sweetheart recited by Alina Sergaziyeva and the song performed by Alina Bekkulova and Aset Muratuly. The main attraction of the program was a scene from "Makbeth", in which the roles were played by Aset Muratuly, Nadir Zhamantay, Balzhan Bidabay, Nurly Tasbulatova and Aisana Arginbayeva. Ysupova Kamila gave an interesting presentation on biography and literary activity of the English writer and poet of all times Shakespeare.

The club meeting will be held monthly on Tuesdays of the last week. Everyone who wants to gain self-confidence and belief in their talents, abilities and potential is welcome!

**G. OKUSHEVA,**  
**A. DJANUZAKOVA**

*Prepared by A. MULDAGALIYEVA*

**The Elon Musk "SpaceX" company successfully launched the Kazakhstan nanosatellite "Al-Farabi-2", created in KazNU, from the spaceport in California (USA) on the eve of Independence Day of Kazakhstan**

Жалғасы. Басы 1-бетте

# Аса маңызды, тарихи күн



Жалпы отарлау саясатының құрамдас бөлігі болып саналған рухани отарлау, яғни шоқындыру, орыстандыру саясаты күшейеді. Отарлық езгіге қарсы шыққан халықтың көтерілістері жеңілістерге ұшырады. Осы кезеңдегі қазақ халқының ауыр күйі қазақ әдебиетінде «зар заман» деп аталды.

Қазақ халқы өз азаттығы мен бостандығы үшін қаншама рет қолына қару алып күрессе де, жеңіліс тауып отырды. Тек қана ХХ ғасырдың басында қазақ халқының зиялы қауымы өкілдері жетекшілік еткен саяси күрес ұлттық мемлекеттілікті қалпына келтіру мақсатында Алашорда үкіметін құрды. Бірақ ол ұзақ өмір сүре алмады. 1920 жылы РСФСР құрамындағы Қазақ Автономиялы Кеңестік Социалистік Республикасы құрылады да, ол 1936 жылы ҚазАКСР-ы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы құрамындағы одақтас Республикалардың біріне айналды. Қазақ Кеңес үкіметінің 71 жылдық тарихында қағаз жүзінде жеке ел болып жазылғанымен, іс жүзінде тізгіні орталықта болды. Сөйтіп, ол 1991 жылға дейін өмір сүрді. Дегенмен де, Қазақ Кеңес үкіметінің қазақ тарихындағы өзіндік рөлі мен маңызын ешкім де жоққа шығара алмайды. Кеңестік кезең деп аталатын жылдары толық мәндегі саяси дербестік қазақ жұртының тек арманы болып қала берді.

Жер бетіндегі халықтардың санынан мемлекеттер саны бірнеше есе аз. Бұл — әлемдегі барлық халықтың әлі де болса өз мемлекеті жоқ дегенді білдіреді. Ал мемлекеті жоқ халық өз тарихын зерттей алмайды, терең ұғына алмайды, жас ұрпақтың санасына сіңіре алмайды. Экономика, мәдениет, руханият та дәл сондай. Басқаша айтқанда өзінің толық дербес, тәуелсіз мемлекеті жоқ халықтың бүгінгісі бұлыңғыр, ертені тұманды болады. Өйткені, барлық мемлекет ең алдымен, өз халқының алға қарап дамуы үшін қызмет етеді. Халықтың өмір сүретін саяси, этникалық аумағын қорғау, қауіпсіздігін қамтамасыз ету, қоғамдық қатынастарды реттеу, ұлттық экономика мен мәдениетті дамыту — мемлекеттің негізгі міндеттері болып саналады.

Жер бетіндегі өз мемлекеті жоқ халықтардың тарихына көз салсақ, олардың бірталайы жойылып кету қарсаңында тұр. Өйткені, олардың ұлттық мүддесін қорғайтын мемлекеті жоқ. Осылардың бәрін ескере келе, Қазақстан Республикасының 1991 жылы 16 желтоқсанда өз Тәуелсіздігін жариялауын — қазіргі заманғы Қазақстан тарихындағы аса маңызды, ерекше мәнді, тарихи оқиға деп санаймыз.

1991 жылы 16 желтоқсанда Қазақстан Республикасының Жоғары Кеңесі қабылдаған «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңның алғашқы баптарында-ақ нағыз Тәуелсіз мемлекетке қажетті құқықтық негіздер нақты айқындалады. «ҚР Мемлекеттік тәуелсіздігі туралы» Заңның ең негізгі баптарына бір сәт көңіл аударалықшы.

«1-бап. Қазақстан Республикасы — тәуелсіз, демократиялық және құқылық мемлекет. Ол өз территориясында өкімет билігін толық иеленеді, өзінің ішкі және сыртқы саясатын дербес белгілеп, жүргізеді.

Бұл бап — Қазақ Елінің саяси жағынан дербес, азат, тәуелсіз екендігін, демократиялық құндылықтарды негізге алып, қабылданған

зандарға арқа сүйейтін мемлекет екендігін көрсетеді. Сондай-ақ Қазақстан аумағындағы атқарушы, заң шығарушы және сот биліктерінің, яғни билік тармақтарының барлық деңгейдегі түрін өз қолына алғандығын, мемлекеттің ішкі саясаты мен сыртқы саясаттағы бағыттарын өзі анықтап, өзі жүргізетінін жариялайды.

2-бап. Қазақстан Республикасы барлық мемлекеттермен өзара қатынасын халықаралық құқық принциптері бойынша құрады. Бұл бап Қазақ Еліне алыстағы және жақындағы елдермен қарым-қатынастарын тек бүкіл әлемде мойындалған халықаралық құқықтық негізде құратындығын жариялайды.

3-бап. Өзінің мемлекеттік тәуелсіздігін басқа мемлекеттер тануы үшін Қазақстан Республикасы ашық.

4-бап. Қазақстан Республикасының бүкіл территориясында Қазақстан Республикасының Конституциясы мен заңдары, сондай-ақ ол таныған халықаралық құқық нормалары қолданылады.

5-бап. Қазақстан Республикасының территориясы қазіргі шекараларында біртұтас, бөлінбейтін және қол сұғуға болмайтын территория болып табылады.

Бұл көрсетілген баптарда Қазақ Елі өзінің бейбітшілік сүйетін мемлекет екенін көрсетіп

тұр. Сондай-ақ қазақ елінің жер аумағының тұтастығын, оның ешқашан бөлінбейтіндігін, ешкімнің де қазақ елінің аумағына қол сұға алмайтындығын ашық көрсетеді.

Тәуелсіздік алғаннан бергі 27 жылды қарасақ, еліміздің қол жеткізген жетістіктері ұшан-теңіз. Әр сала, әр бағыт бойынша жеткен жетістіктеріміздің өзі томға сыймайды. Экономикалық жетістіктермен қатар елімізде соңғы жиырма жылдай уақыт ішінде рухани дамуға да ерекше көңіл бөлінуде. Оның ішінде Отандық тарихқа да ерекше көңіл бөлініп жатқанын байқап отырмыз. Елбасының тікелей қолдауымен 2000 жылдар басында «Мәдени мұра» мемлекеттік бағдарламасы, одан кейін «Халық тарих толқынында», «Мәңгілік Ел», «Рухани жаңғыру» бағдарламаларының жүзеге асырылуы және асырылып жатуы осы ойымызды негіздей түседі. Егерде осы аталған бағдарламаларды бір сөйлеммен айтар болсақ, алғашқы бағдарлама — тарихшылар үшін ел мен жердің тарихын зерттеу жұмыстарына деректік материалдар қалауға арналса, екіншісі «Халық тарих толқынында» — тарихшылардың зерттеу жұмыстарына — теориялық-әдістемелік негіз салып отыр. Ал, «Рухани жаңғыру» бағдарламасы болса, тарихшылар үшін нақты практикалық міндеттерді жүктеп отыр.

Ал соңғы күндері жарық көрген Елбасы Н.Назарбаевтың «Ұлы даланың жеті қыры» атты мақаласындағы негізгі мақсаттардың біріне — ата-бабаларымыздың әлемдік өркениеттің дамуына қосқан үлестерін нақты атап көрсету арқылы жас ұрпақтың санасында тарихымызға деген мақтаныш сезімдерін туғызу жатса керек. Екінші бір мақсатқа — тарихшыларымызға қандай бағыттарда зерттеу жұмыстарын жүргізуді көрсетуі жатады.

Бұл біздің елдің тек тарих саласында ғана қол жеткізіп отырған жетістіктері. Егер дербес, азат болмасақ, тәуелсіздік тумаса осының ешқайсысы да жүзеге асырылмаған болар еді. Мұның бәрі тек Тәуелсіздігіміздің арқасында ғана болып отыр. Олай болса, тәуелсіздігін жариялаған 16 желтоқсан — Қазақ Елі үшін ең құнды, маңызды мерекелердің бірі болып саналады. Сондай-ақ 16 желтоқсан — тарихи тұрғыда қазіргі замандағы Қазақстан тарихының алғашқы күні және 27 жылдық тәуелсіздік кезеңіндегі барлық мерекелердің атасы, әрі бастауы болып саналады.

**Берекет КӘРІБАЕВ,**

*ҚР ҰҒА корреспондент-мүшесі,*

*тарих ғылымдарының докторы, профессор*

## Жүректегі отты жыр



Қазақ мемлекеттік академиялық балалар мен жасөспірімдер театрының актері Ербол Идрисов, Қазақ ұлттық аграрлық университеті Жастар

саясаты бөлімінің бас маманы, «Жігіт сұлтаны» байқауының жеңімпазы Қадыр Аманбай, «Сұңқар» студенттер мен магистранттар кәсіптік бюросының

төрайымы Шұғыла Бүрлібаева, Жастар ұйымдары комитетінің жетекшісі Нұрсұлтан Бекқайыров төрелік етті.

Қазылар алқасы қатысушылардың өлең өріміне, оқу мәнеріне, актерлік шеберлігіне мән берді. Дүбірлі дода жеңімпаздары әділ қазы алқасының шешімімен анықталды. Жұлделі ІІІ орынды Абай атындағы ҚазҰПУ студенті Сағмалиева Назерке, ІІ орынды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ студенті Нұркен Құрманбек иеленсе, І орынды Тұран университетінің студенті Тұртай Аяулым еншіледі. Байқау жеңімпаздарына арнайы Ыстықкөл мен Көлсайға жолдама және «Мг bean» тіл оқыту орталығының І айлық ағылшын тілін тегін оқытуға сертификат берілді. Сайысқа қатысып өз өнерлерін көрсеткен қатысушыларға алғыс хат пен «Mustakhimova» сұлулық салонының сыйлықтары табыс етілді.

**Г. АХМЕТАЛИЕВА,**

*қазақ тілі білімі кафедрасының*

*аға оқытушысы;*

**Б. ЗАРИПОВ,**

*204-топ студенті*

**ҚазҰУ мен Нұр-Мұбарак Египет ислам мәдениеті университеттерінің ректорлары білім мен ғылым саласы бойынша серіктестікті дамыту жөніндегі меморандумға қол қойды**

## ҚАЗҰУ ПРОФЕССОРЫ «ЖЫЛ АДАМЫ - АЛТЫН АДАМ» СЫЙЛЫҒЫН ИЕЛЕНДІ



**Плазма физикасы, нанотехнология және компьютерлік физика кафедрасының профессоры Ғабдуллин Маратбек «Жыл адамы – Алтын Адам» номинациясымен марапатталды.**

Жыл сайынғы он тоғызыншы марапаттау рәсімінде «Жыл адамы» жобасының жүлдегерлеріне – «Алтын Адам» мүсіні, «Қоғамдық тану» және «№1 Жыл таңдауы» құрмет медальдары табыс етілді.

Еңбегі, батырлығы, таланты және жан-жақты жомарттығы біздің Отанымыздың нағыз игілігін құрайтын қазақстандықтардың есімдері жарияланды.

«Жыл адамы – Алтын Адам» ұлттық сыйлығын тапсыру бірнеше номинациялар бойынша өтті. Соның ішінде «Кәсіби жетістіктері үшін», «Елеулі үлесі үшін», «Ғылым қайраткері» номинациясында физика-математика ғылымдарының кандидаты, профессор, «2014 жылдың үздік оқытушысы» атағының иегері, әл-Фараби атындағы ғылым және техника саласында 2015 жылғы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Ғабдуллин Маратбек марапатталды.

М. Ғабдуллин 400-ден астам мақаланың авторы, оның ішінде 54-і халықаралық Web of Science деректер қорына енгізілген журналдарда, 12 инновациялық патенті бар, индекс-хиршасы – 8.

Өз тілшімізден

## ҰЛЫ ДАЛАНЫҢ ПОЭЗИЯСЫ ЧОНБУК УНИВЕРСИТЕТІНДЕ

**Кореяның Чонджу қаласындағы Чонбук Ұлттық университетінде Олжас Сүлейменовтің поэзиясы шырқалды.**

ҚазҰУ-дың Қиыр Шығыс кафедрасының оқытушылары Чонджу қаласындағы Чонбук Ұлттық университетіне шақырылып, халықаралық Корей зерттеулеріне арналған «XXI ғасырдағы корейлік зерттеулердегі серпілістер мен сын-ескертпелер» атты халықаралық конференцияға қатысты. Халықаралық конференцияға жиырма үш елдің ғалымдары мен мамандары қатысты. Қазақстандық корейтануды әл-Фараби атындағы ҚазҰУ таныстырды.

Аға оқытушы Аерке Абаган «Method and Characteristics of Kazakh Translation of Korean Phrases (Focusing on Korean Drama Translations)» атты баяндама жасады. Ал «Жас ғалымдар» секциясында оқытушы Бағжан Сермухаметова «Comparative Analysis Modern Korean and Kazakh Poetry (Based on the Works of Poetry Kim Sovol and O. Suleymenov)» тақырыбындағы зерттеу нәтижелерін баяндады. Қиыр Шығыс кафедрасының оқытушылар құрамы корейтану бойынша зерттеулер нәтижелерімен таныстырды. Оқылған баяндамалар конференцияға қатысушылар арасында қызығушылыққа ие болып, кенінен талқыланды. National Research Foundation модераторы мен сарапшылары жұмысты жоғары бағалады.

Қиыр Шығыс кафедрасы

# НАУКА ЖИЗНИ И ЗДОРОВЬЯ

**На факультете биологии и биотехнологии КазНУ прошел международный научный семинар «Биоэнергетика на основе фототрофных микроорганизмов» с участием профессоров МГУ им. М.Ломоносова Сулеймана Ифханоглы Аллахвердиева и факультета естественных наук Токийского университета науки Тацуя Томо.**

На семинаре с приветственным словом и докладом на тему «Биотехнология микроводорослей» выступил декан факультета биологии и биотехнологии профессор Болатхан Заядан, который отметил актуальность и перспективы развития биоэнергетики. Следует отметить, что им создана новая для Казахстана научная школа по направлению «Фототрофные микроорганизмы, их применение в биотехнологии и биоэнергетике», на основе которой под его руководством работает лаборатория биотехнологии НИИ проблем биологии и биотехнологии КазНУ.

Профессор С.И. Аллахвердиев выступил на тему «Альтернативная энергия на основе фотосинтеза». Он является одним из самых цитируемых российских ученых в области биологии и возглавляет лабораторию управляемого фотобiosинтеза Института физиологии растений РАН. Его доклад был посвящен новому направлению исследований в области нанобиотехнологий, в частности системе искусственного фотосинтеза с использованием белковых структур с целью получения молекулярного водорода, как альтернативного источника энергии и использованию фотосинтезирующих культур для производства биотоплива.



Доклад японского профессора был посвящен «Новые свойства хлорофилла в фотосинтезе». Он является известным ученым в области биоэнергетики, автором свыше 100 статей изданных в международных реферируемых журналах, доктором, профессором факультета естественных наук Токийского университета науки. В своем докладе ученый озвучил основные свойства и значение пигментов фотосинтезирующих микроорганизмов в получении биоэнергии.

На научном семинаре выступили также преподаватели кафедры биотехнологии и молодые ученые, докторанты и магистранты.

Участники встречи всесторонне обсудили вопросы биоэнергетики, развитие которой требует пристального внимания ученых, работающих в области фундаментальных и прикладных исследований. В завершении мероприятия были намечены дальнейшие планы международного сотрудничества и проведения совместной международной конференции в Казахстане в 2020 году, посвященной проблемам и развитию биоэнергетики.

Соб. корр.

**Биылғы оқу жылының қыркүйек айынан бастап желтоқсан айының соңына дейін университетіміздің философия және саясаттану факультетінің дінтану мамандығының 2 курс PhD докторанттары, оқу жоспарымен белгіленген педагогикалық тәжірибеден өтуде.**

Педагогикалық практика докторанттың оқу пәні дәрежесінде білім кеңістігін құрайтын және оның кәсіби біліктілігін жетілдіруге мүмкіндік беретін маңызды сала. Педагогикалық практика мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартында кредит санымен көрсетіледі және докторанттың жеке оқу жоспарына енеді. Педагогикалық практиканың мақсаты – докторанттарға жастарды оқыту және тәрбиелеуде оқытушыға қажетті біліктілік пен дағдыларды қалыптастыру. Кәсіби-педагогикалық практиканың ерекшелігі – докторанттар оқытушының кәсіби еңбегінің проблемалары шеңберіне еніп, оның жұмысының нақты мазмұнымен және көлемімен танысады, әрбір докторант оқытушының іс-әрекетінің барлық түріне қатысады.

Практика кезінде докторант мазмұны жағынан да, көлемі жағынан да кәсіби пән оқытушысының жұмысын атқарады. Кәсіби практиканың тиімділігін арттыру міндеті теориялық білімді саналы түрде қолдануды талап етеді. Практика барысында практиканттарға пән оқытушысына тән кәсіби-педагогикалық біліктілікті меңгеруге жағдай жасалады. Мысалы, сабақтың ақпараттық, коммуникативтік және проблеманы шешу күзиреттілігі мақсаттарын анықтап шеше білу, оқу материалын іріктей білу, оқытудың түрлерін, әдістерін, тәсілдерін, оқу құралдары мен техникалық құралдарын тандай білу, тағы да сол сияқты оқытудың әдістерін үйренеді.

## ТӘЖІРИБЕ АЛМАСУ АЛАҢЫ

Көптеген студенттердің педагогикалық жұмысқа қызығушылық сезімі кәсіби педагогикалық практика кезінде оянатынын тәжірибе көрсетіп жүр. Тәжірибелі оқытушылардың өнегесі, студенттермен күнделікті қарым-қатынас, докторанттардың оқытушылық мамандыққа қызығушылығын арттыруға, сабақ беру жұмысына жауапкершілік көзқарас қалыптасуына өз әсерін тигізеді. Кәсіби педагогикалық практика кезіндегі оқу-тәрбие процесі болашақ оқытушыға өзінің оқытушылық жұмысқа қаншалықты дайын екендігін тексеруге, өзіндік қабілетін бағалауға, оқытушылық жұмысқа қойылатын талаптар тұрғысынан өзі қаншалықты сәйкес екендігін білуге мүмкіндік береді. Кәсіби практиканың тиімділігі, көбінесе, студенттердің белсенділігіне, жұмысқа шығармашылық көзқарастарына байланысты. Сонымен қатар докторант оқу процесінде алған теориялық білімін практикалық іс-әрекетінде сапалы түрде қолдана білуі маңызды. Педагогикалық практика кезіндегі студенттердің іс-әрекетін зерттеу теориялық білімнен практикаға көшу өздігінен болмайтындығын көрсетті.

Докторанттарға университет қабырғасында бакалавр деңгейінде білім алып жатқан студенттерге дәріс, семинар сабақтарын жүргізу барысында өз тәжірибелерімен бөлісу мүмкіндігі бар. Дінтану және мәдениеттану кафедрасы бойынша педагогикалық практиканың жұмысына жетекшілік етуге кафедрадан арнайы бір оқытушы тағайындалады. Практиканттар айына бір рет жасалған іс-шаралары бойынша есеп беріп отырады. Кездесу кезінде практика жетекшісі кезекті алда тұрған тапсырмаларды

егжей-тегжейлі түсіндіреді. Бұл кездесулер практиканың мақсатын айқындауға мүмкіндік тудырады.

Осы практика аясында «Рухани жаңғыру», «Айналанды нұрландыр», «Жүз кітап» бағдарламаларына арналған түрлі іс-шаралар жүзеге асырылуда. Студенттермен тығыз жұмыс жасау барысында ұрпақтар сабақтастығы орын алып отырғандығы айқын сезілуде. Еліміздің болашағы жастардың дұрыс бағытта көзқарастарының қалыптасуын дәлелдейтін және соны негіздейтін, пікірталастарға толы дәрістер мен өз көзқарастарын анық та айқын көрсете алатын семинар сабақтары жүргізілді. Пән оқытушылары тарапынан да силлабус құжаттарында апта бойынша белгіленген тақырыптарға сай дайындық жүргізілуде. СӨЖ ұйымдастыру барысында жан-жақты қосымша сұрақтар талқыланып, студенттер тарапынан қойылған сұрақтарға толыққанды жауаптар берілуде. Бұл практика барысында біздің кафедра ұжымы педагогикалық шеберлікті жетілдіру мен студенттермен жұмыс жасауда педагог және психолог мамандар өз тараптарынан тәжірибелерімен бөлісіп, практиканттарға кеңес беріп отырады.

Докторанттар мен магистранттардың теориялық білімдерін практикада қолдануды үйренудің бастамасы университеттің академиялық саясатына сәйкес өткізілуде.

**К. БОРБАСОВА,**  
*филос.ф.д., профессор,*  
**Ұ. ТУНГАТОВА,**  
*2 курс PhD докторанты*

**Мен күшікпін. Шамамен осыдан үш жарым ай бұрын қаһарлы қыстың қатыгез күндерінің бірінде дүние есігін аштым. Қайда екені белгісіз, әйтеуір көзімді ашсам, қала ішіндегі көп қабатты үйлердің бірінде екенмін. Әрине ішінде емес, жертөлесінде.**

# Күшік – зұмыр

(МОНОЛОГ ӘНГІМЕ)



Ал анам карапайым ит. Күн-түні тамақ іздеп, көрінген жерге тұмсығын тығып, құл-қоқысты аударып шығады. Жылы жүзді адам көрсе, құйрығын бұлғақтатып, еркелеп, назарын аудармақшы болады. Жалғыз үміті—жеуге ас табу. Бірақ оны елеп жатқан адамдар жоқ. Себебі, адамдар... Адамдар – қатыгез! Шешем байғұс сонда да үмітін үзбейді ғой. «Кет жоғал!» деп жекіп, теуіп, қолына түскен затпен ұрып жатса да адамдарға азуын көрсеткен емес... Ммм, менің шешем осындай!

Өзім. Өзім жайлы айтсам есімім белгісіз. Біреулер «Ақтөс» дейді, біреулер «Ақтабан» дейді, енді бірі «Қайбар» дейді, жалпы атым көп. Ағам «Рекс» деп әзілдеп айтатыны болмаса, анам «Құтжол» деп шақырады. Өзіме осы ұнайды. Менің кемшілігім артық екі аяғымды аязды күні үсік шалған. Содан бері я жүрген емеспін, я жүрген емеспін. Шешем мен ағам ежелген асты ұялмай жеп аламын. Ол үшін анам ренжіп, ағам ұрысқан емес. Кейде құдайға тәубе деймін. «Балалар үйі» секілді «күшіктер үйі» болмағанына. Егер болса, шешем мен ағам баяғыда тастап кетер ме еді? Тфу, құдай сақтасын! Ал,

екінші кемшілігім менің ұрғашы күшік болуымда. Кемшілігім емес – айыбым! Біреулер қымыс жасап айыпты болса, біреулер күнә жасап айыпты болады. Ал, дүние есігін қыз болып ашу қандай айып? Еркек күшіктерді қажетіне жаратады да, мен секілді ұрғашылары бас сауғалап кетеді, тірі қалса егер. Сол еркек кіндіктінің бәрі ұрғашы атаулыдан шыққанын білмейді ме, адамдар?! Тіпті өздері де сол анандан шығып, сол қыз жыныстыны әйелдікке алып отыр ғой. Сондағы әйелдің беделін өзінен төмен қойғаны қай сасқаны? Менің шешем де осы идеологияның құрбаны. Туылғанына үш күн болған, әлі уызы кеппеген шағында анасынан айырып, бас сауғалатып жіберген осы қатыгез еркектер еді. Мен осылай жертөледе ұзақ ойланатынымын. Өзіммен өзім күбірлесіп сөйлесем. Басқа не істеймін күні бойы?  
Кешқұрым болып қалды. Шешем мен ағам келетін уақыт болды, бірақ олар әлі жоқ. Менің қарным ашып, мазам каша бастады. Бір кезде ағамның дауысы шықты. Мен қатты қуандым. Алдарынан жүгіріп шығып, күтіп алғым келген. Әттен, аяғым кедергі болды. Ағамның артынша анам

келді. Ауызына үлкен бір нәрсе іліп алған. Қарасам қып-қызыл ет. Бүгін бір жақсылып тоятын болдық қой деп іштей қатты қуандым. Жақыннан қарасам кішкентай бала. Адамның баласы. Иә,кәдімгі сәби.

Корыққанымнан ба, білмедім, әйтеуір анама қалай тіл қатқанымды білмей қалдым.

- Шеше, бұл адамның баласы ғой. Мұны неге алып келдіңіз? Мен қанша аш болсам да бұл сәбиді алып келуге тиісті емес едіңіз ғой!

- Кешір, балам! Бұл сәбиді мен ұрлап, не аулап алғаным жоқ. Мен оны тауып алдым.

- Тауып алдым?

- Иә, әдеттегідей қоқыс жәшігін ақтарып жүріп кенеттен шырылдаған сәбиді тауып алдым.Ұзақ тұрдым әлдекімдер алып кете ме деп. Өкінішке орай ешкім іздеп келмеді. Сосын мен жұпыны болса да жертөлеге алып келдім. Енді ол саған серік болады. Біз оған «Данияр» деп есім қойдық. Мен сол күні жаңа дос тапқанымна қуандым,бір жағынан сәби үшін жыладым..

Арада біраз уақыт өтті. Баяғы сәби ер жетті, мен де жәймен,сүйрелендеп жүре алатын болдым. Айтпақшы ағамды бірде адамдар құрықтап алып кетті, қазір байлап ұстауда. Оны шешем айтқан. Амал не, құтқара алмадық. Қазір отбасымызда шешем, мен сосын Данияр үшеуіміз тұрамыз. Даниярға ес кіргелі шешем әкелген тағамды жегісі келмей, шешесін, отбасын ұзақ күтетін, жылайтын. Ал, шешем болса Данияр үшін бай-бағландардың ауласын тіміскілейтін болды. Олар дәмді асты көп қалдырып, көп ысырап жасайды екен. Күндер осылай өтіп жатты. Мен үлкен ит болдым. Данияр бес жасқа толды. Шешем бұрынғыдай емес, картайғаны, қажығаны әжім басқан жүзінен көрініп тұр. Шешем біраз ауырып 3-4 күн болды нәр таппағанымызға. Қайран, аяғымның болмағаны-ай. Егер жүре алсам шешемді асырайтын едім ғой. Біздің асқазанымыздың шұрылдаған дауысын анамыз естіп қойды ма, бар күш-жігерін жинап, тағы да тамақ іздеуге кетті. Ең өкініштісі сол кеткеннен мол кетті. Ол оралмады. Біз қатты қайғырдық, қатты жыладдық. Іздедік, бірақ таппадық. Түс ауа жертөлемеізге қарай беттеп келе жатсақ, үйілген тамақты көрдік. Қуанғаннан жүгіріп барсақ, жанында анам жатыр. Жай жатқан жоқ,жан тәсілім еткен. Ол балаларым үшін деп жиған асының қиқымын да жемей,өзі нәр таптастан көз жұмды. Міне,анаға лайық өлім. Ананың кіршіксіз махаббатының куәсі.

Біз ештеңе жасай алмадық. Мен анамның қайтып оралмасын,енді жанымда бірге болмайтынын біліп іштей қатты қынжылдым. Ал, Данияр өз анасынан әлі күдерін үзген емес. Ол, өне, өз анасын күтіп, тар санылаудан қысық көздерімен сығалап қарап отыр...

Қарап отыр...

**Ерполат ҚАНАТ,**

*филология және әлем тілдері факультетінің 1-курс студенті*

# Қарым-қатынас - татулық кілті

**Қазіргі таңда "тренинг" сөзі қай салаға барсақ та жиі еститін сөзімізге айналған. Тренинг барысында жеке бастың дамуы туралы мәселелер нәтижелі шешіледі және коммуникативті дағдылар жемісті қалыптастырылады, өзгеріс, нәтиже бірден көрінеді. Осы міндеттерді шешу кезінде ұйымдастырылатын тренинг теңдігі түрлері де ерекшеленеді.**



Алайда елімізде тренинг саласында ең көп тәжірибесі мол бір сала бар. Ол – психология саласы. Тренинг өткізу – бұл салада ертеректен қолданылып келе жатқан әдістің бірі. Сондықтан да мықты психологтардың деңгейінде басқа сала мамандары тренинг өткізе алады деу қиын. Психологиялық тренингтегі топтық дискуссия – қандай да бір талас мәселені шешу кезінде топ қатысушыларының пікірі мен позициясын анықтауға мүмкін береді, септігін тигізеді. Алайда, барлық тренинг өткізушілерді ортақтастыратын бір қасиет бар. Ол – өз саласындағы шеберлік.

Қараша айының соңғы сәрсенбесінде философия және саясаттану факультетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы республика көлемінде, Қазақстан-Ресей медициналық университетінде «топтық қарым-қатынас психологиясы» тақырыбында тренинг өткізді. Алпыстан аса жиналған ақ халатты студенттер тренингті үлкен қызығушылықпен қабылдады. Тренинг студенттердің топтағы өзара қарым-қатынасын нығайту, бірін-бірі жақсырақ тану, ұжымда ауызбірлікпен жұмыс істеуге бағыттау, сонымен қатар танымдық процестерінде дамыту мақсатында жүргізілді.

Алайда елімізде тренинг саласында ең көп тәжірибесі мол бір сала бар. Ол – психология саласы. Тренинг өткізу – бұл салада ертеректен қолданылып келе жатқан әдістің бірі. Сондықтан да мықты психологтардың деңгейінде басқа сала мамандары тренинг өткізе алады деу қиын. Психологиялық тренингтегі топтық дискуссия – қандай да бір талас мәселені шешу кезінде топ қатысушыларының пікірі мен позициясын анықтауға мүмкін береді, септігін тигізеді. Алайда, барлық тренинг өткізушілерді ортақтастыратын бір қасиет бар. Ол – өз саласындағы шеберлік.

Қараша айының соңғы сәрсенбесінде философия және саясаттану факультетінің педагогика және білім беру менеджменті кафедрасы республика көлемінде, Қазақстан-Ресей медициналық университетінде «топтық қарым-қатынас психологиясы» тақырыбында тренинг өткізді. Алпыстан аса жиналған ақ халатты студенттер тренингті үлкен қызығушылықпен қабылдады. Тренинг студенттердің топтағы өзара қарым-қатынасын нығайту, бірін-бірі жақсырақ тану, ұжымда ауызбірлікпен жұмыс істеуге бағыттау, сонымен қатар танымдық процестерінде дамыту мақсатында жүргізілді.

Алпыстан аса студентті 3 топқа бөліп, сергіту сәтін, әуенді тапсырмалар, қимыл-қозғалысқа

да жүргізілді. Тренинг соңында студенттер жарыса сөз сөйлеп, алған әсерлерімен бөлісті. Бірі жаңа достар тапса, енді бірі ұжымдық қатынасқа деген көзқарастарының өзгергені жайлы айтып жатты. Университет мұғалімдері де студенттерінің ауызбіршілігін арттыруға себепкер болған жандарға алғыстарын айтып, алдағы уақытта да келіп, тренинг өткізіп тұруларын сұрады.

**Ұ. ТӨЛЕШОВА,**

*педагогика және білім беру менеджменті кафедрасының доценті, педагогика ғылымдарының кандидаты;*

**А. ӘУЕЛБЕК,**

*педагогика және психология мамандығының 4 курс студенті*

## **ОҚУШЫЛАР ӘСКЕРИ КАФЕДРАМЕН ТАНЫСТЫ**

**ҚазҰУ-дың әскери кафедрасында ҰО "Бәбек" гимназиясының жоғарғы сынып оқушыларына Ашық есік күні өтті.**

Кездесудің басты кезеңінде оқушылармен әл-Фараби атындағы ҚазҰУ әскери кафедрасының бастығы полковник О. Ажимов сөз сөйледі. Қазақстанның көне университеті әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің тарихына тоқталып, университеттің жетістіктері мен даму бағыттары туралы әңгімеледі.

Университеттің әскери кафедрасында 17 әскери есеп мамандықтары бойынша ер студент балалар оқиды, ал 2015 жылдан бастап 5 әскери есеп мамандықтары бойынша қыз балалар қабылдауды бастады.

Әскери кафедраның оқу-материалдық базасын көрсету барысында жоғарғы сыныпшылар тактикалық, техникалық, атыс, барлау дайындығы, әскери психология және байланыс аудиторияларымен танысты. ӘШКҚ Құрлық әскерлерінің және мото-атқыштар әскерлерінің жауынгерлік-оқу техникасы көрсетілді. Оқушылардың ерекше қызығушылықтары интерактивтік лазерлік тирдің жұмысына, динамикалық ЖҰМ-2 тренажорына, ПЗРК электрондық жаттықтырушыға аударылды. Әскери кафедраның Әскери-патриоттық тәрбиелеу орталығында Қазақстанның Халық Қаһарманы Б. Момышұлы және С. Нұрмағамбетов атындағы аудиториялар, "Сарбаз" Республикалық әскери-патриоттық газетінің корреспонденттік пункті орналасқан.

**ӘСКЕРИ КАФЕДРА**

# ТАРИХТА ҚАЛҒАН ІЗ

**Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архивінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың профессоры, тарих ғылымдарының докторы Оразгүл Мұхатованың «Рухани жаңғыру» бағдарламасы аясында «Қазақ университеті» баспасынан шыққан «Асылбек Сейітов – тарихта қалған із» атты Алаш ардақтысы Асылбек Сейітовтің өміріне арналған монографиясының тұсаукесер рәсімі болды.**



Шараға Алматы қаласының Орталық мемлекеттік архивінің бас директоры Абзал Ботанов, бас сарапшы Ләйлә Рахипова, А.Сейітовтің қызы Сейітова Клара апайымыз бен кезінде өзі негізін қалап кеткен қазіргі №5 қалалық аурухананың бас дәрігері Гүлшахира Әжімұқанқызы, С. Асфендияров атындағы ҚазҰМУ доценті Асан Қаныбекұлы және де қос жоғары оқу орындарының студенттері мен оқытушылары қатысты.

Елбасының «Рухани жаңғыру» бағдарламасы ұлттық құндылықтарымызбен кезінде қазақ халқы үшін күресіп елі мен жерінің дамуына қызмет еткен, көпшілік қауым біле бермейтін тұлғаларымыздың есімін қайта жаңғырту болып табылады. Осы орайда ҚазҰУ оқытушылары аталмыш бағдарламаның кең өріс алып дамуына өздерінің үлестерін қосып келеді. Аталмыш шараға жиналған қауым Алаш қайраткерлерімен бірге қазақтың бостандығы үшін күрескен, 1937 жылы жазықсыз жанын құрбанына айналған А. Сейітов туралы ескіріс естеліктермен бөлісті.

«Қазақ университеті» баспасынан

жарық көрген монография студенттерге, магистранттарға, докторанттарға, архивтану және құжаттану пәндерінен дәріс беретін оқытушыларға, зерттеушілерге арналған. Шара барысында Оразгүл Мұхатова монография жазу барысындағы көптеген тың ақпараттарға қалай қол жеткізгені жайлы көпшілікпен бөлісті. «А. Сейітовтің шынында да қазақ халқы үшін өлшеусіз еңбек еткендігіне кітап жазу барысында көз жеткіздім. Осы уақытқа дейін көпшілік А. Жұманұлының кім екенін және оның еңбектерін білмей келді. Осы жазылған монография оқырманды тарихқа қайта үңіліп, арыстай азаматтарымыздың есімдерін жадымызда сақтап, насихаттауға шақырады. А. Сейітовтің негізгі мамандығы дәрігер болған, кезінде елде жұқпалы аурулар тарап, халық жаппай қырылып жатқан кезеңде ел арасында түсіндіру жұмыстарын жүргізіп, өлшеусіз қызмет жасаған. Сонымен қатар А. Жұманұлы дәрігер бола жүріп қоғамдық жұмыстарды да бірге ала жүрген.

Алаш қайраткерлерінің жанынан табылып, С.Сейфуллиндермен қазақ халқы үшін тығыз жұмыс жасаған. Мен осындай дана тұлғаның өмірін зерттеп, оны кітап қылып жазып, келер ұрпаққа аманат етуді өзімнің ұстаз, тарихшы ретіндегі парызым деп санаймын. Еліміз үшін аяусыз еңбек жасаған А. Сейітов сияқты дана да дара тұлғаларымыздың есімі тарихымызда алтын әріптермен жазылып, жадымызда жатталып, келер ұрпаққа әрдайым да насихатталып тұруы тиіс», – деді кітап авторы Оразгүл Мұхатова.

Сонымен қатар тұсаукесер рәсімінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ-дың 4 курс студенттері Дінмұхамед Балғабек пен Азиза Сулайманова А. Жұманұлының еңбектері туралы өз зерттеулері мен баяндамаларын да оқыды.

Сондай-ақ шараға жиналғандар А.Сейітовтің есімін қайта жаңғырту мақсатында Алматы қаласында бір көшені және кезінде негізін өзі қалап кеткен №5 ауруханаға А.Жұманұлының есімі берілсе, келер ұрпаққа үлгі-өнеге әрі бағасыз аманат болып қалары ақиқат деп тарқасты.

**Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА,**  
саясаттану кафедрасының  
1-курс магистранты

## БЕЙІНДІК МЕКТЕПТЕГІ БІЛІМ ЖАРЫСЫ

**ҚазҰУ-дың бейіндік мектебі Алматы қаласының мектептері арасында «Ғарышты игерудің өзекті мәселелері» атты ғылыми-зерттеу конференциясын өткізді.**

Конференцияға қатысу мектеп оқушылары арасында онлайн түрде 1 ай бойы қабылданды. Ал қатысушылардың саны 81 оқушыны құрады. Барлық қатысушылар өзіндік тақырыптар дайындап, ғылыми жобаларымен келіп қатысты. Сонымен қатар оқушылардың ғылыми жетекшілері де бұл жобаға қызығушылықтарын білдірді.

Конференцияның басты мақсаты оқушылардың білім-ғылымға деген құлшылықтарын арттыру. Аталмыш шараға Алматы қаласындағы әр ауданның мектеп оқушылары қатысты. Оның ішінде физика, математика, информатика пәндерінен қатысушылар саны – 33. Химия, биология, география пәндері бойынша – 20. Гуманитарлық бағыттағы пәндер бойынша – 28.

Шара соңында, комиссия мүшелері қатысушылардың дайындаған жобалық жұмыстарын тындап, талдап өз бағаларын беріп, ғылымға деген құлшынысы жоғары оқушылар анықталды.

Бұл атқарылып жатқан шара біздің болашақ жастарымыздың келешекке деген кемел сенімдері мен еліміздің жарқын болашағының кепілдемесі деп білеміз.

**М. ШАКИРОВА,**

*Бейіндік мектеп директорының орынбасары  
алеуметтік ғылымдар магистрі*

## Футболдан достық кездесу өтті

**Заң факультетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы Қазақстан Республикасының кеден органдарының құрылғанына 27 жыл толуына орай Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаменті және заң факультетінің командалары арасында футболдан достық кездесу өткізді. Кафедра жыл сайын студенттер және оқытушылардың жұмыс берушілермен осындай спорттық кездесулерін өткізіп отырады. Командалар жақсы дене дайындығын, спорттық рух пен жеңіске деген ұмтылысын көрсетті. Спорттық тартыста заң факультетінің футбол командасы жеңіске жетті. Алматы қаласы Мемлекеттік кірістер департаментінің командасына алғыс хаттар мен естелік кәдесыйлар тапсырылды.**



1991 жылы 12 желтоқсанда ҚР Президентінің № 539 Жарлығымен Қазақстан Республикасының Кеден комитеті құрылды. Бұл күні 12 желтоқсан – ҚР Кеден органдары қызметкерлерінің кәсіби мереке күні ретінде атап өтіледі. Қазақстан Республикасының аумағында кеден қызметінің дамуы мен құрылымы жолы қайшылықтар мен күрделі белестерден өтіп, Қазақстан Республикасының тәуелсіздік алғаннан кейін айқын көрініс табады.

Бүгінгі таңда еліміздегі Кеден қызметінің алдында аса маңыздылыққа ие – Қазақстанның Дүниежүзілік сауда ұйымының Еуразиялық экономикалық одағына мүшелігі жағдайында экономикалық мүдделерді қамтамасыз ету және елдің экономикалық қауіпсіздігін қорғау міндеті тұр. Бұл міндеттерді шешу

кеден қызметкерлерін дайындаудың халықаралық стандарттарына сәйкес әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің кеден, қаржы және экологиялық құқық кафедрасы дайындайтын кәсіби кеден қызметкерлеріне жүктелген.

Еуразиялық экономикалық одақта кәсіби кеден қызметкерлерін дайындау ЕАЭО Кеден Одағының маңызды шарты ретінде есептеледі. Еуразия Желілік университеті аясында жоғары білім беру және ғылыми зерттеу ұйымдары, кеден органдары мен ЕАЭО мүше елдердің сыртқы экономикалық қызметіне қатысушылары, оның ішінде әл-Фараби атындағы ҚазҰУ кіретін желілік кеден институтын құру жоспарлануда.

Өз тілшімізден

## ЖАС ДАРЫН

**ҚазҰУ колледжінің «Құқықтану» мамандығының 3 курс студенті Арайлым Кенжетәева Республикалық дарынды және талантты жастарға арналған «Жас дарын» Республикалық ғылыми жұмыстар байқауында «Білім – болашаққа жол» атты тақырыпта қатысып, «Бәсекеге қабілетті білімді ұрпақ» номинациясында I орын иеленіп қайтты.**

Арайлым сонымен қатар, Білім және ғылым саласында дарынды және талантты жастардың еңбектерін ерекше бағалау мақсатында, «Жас дарын» төсбелгісімен марапатталды. Аталған студент жарыстарға, қоғамдық жұмыстарға, олимпиадаларға қатысып жүзделі орындар иеленіп жүр.

Арайлым тек оқумен ғана шектелмей, осы оқу орны қабырғасында жыл бойы өтетін барлық қоғамдық, мәдени іс-шараларға белсене атсалысып жүр.

Алға қойған мақсаты – өзінің бар бойындағы білімін, өнерін еліміздің білімді жас ұрпақтарына сапалы білім мен саналы тәрбие беруге өз үлесін қосу, тәуелсіз еліміздің өркендеуіне аянбай еңбек ету. «Балам дейтін жұрт болмаса, елім дейтін бала қайдан болсын» дегендей Елбасы білім жолына кемелді күш сала отырып, өз сөзінде: «Кемері толған кемелді ой ең білікті білімдерінді, өнерлерінді туған елдің керегіне жаратындар. Келешектің кілті өздерінде» деп, жастарға мол міндет жүктелді. Бұл сөздер арқылы студенттерді рухтандырып, жігерлендіріміз. Елбасының өсиет сөздері ұлтжанды әрбір жастың бойтұмарына айналғай!

**М. САПИРОВА,**

*Заң ғылымдарының магистрі,  
құқықтық пәндер оқытушысы*

### ҚҰРЫЛТАЙШЫ:

Әл-Фараби атындағы  
Қазақ ұлттық  
университетінің  
ректораты

### РЕДАКЦИЯ АЛҚАСЫ:

Бас редактор: **Досжан БАЛАБЕКҰЛЫ**  
Тілшілер: **Айнур АҚЫНБАЕВА, Перизат ЖАРЫЛҚАСЫНОВА**  
Фототілші: **Марат ЖҮНІСБЕКОВ**  
Корректор: **Гүлмира БЕКБЕРДИЕВА, Ағила ШУРИЕВА**

### МЕКЕНЖАЙЫ:

050040, Алматы қ., әл-Фараби даңғылы, 71,  
ректорат, 11-қабат, №1104 бөлме.  
Байланыс телефоны:  
377-33-30, ішкі: 11-94,  
тікелей: 377-31-48.

Электронды мекенжай:  
**kazuniver2016gazeta@gmail.com**

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп,  
беттелді. АҚ "Алматы-Болашақ" баспаханасында  
басылды.

### Бағасы келісім бойынша.

**Таралымы 1000 дана**

**Тапсырыс: №1735**

● Жарияланған мақаладағы автор пікірі редакцияның көзқарасын білдірмейді.

● Редакцияға түскен қолжазба қайтарылмайды, үш компьютерлік беттен асатын материалдар қабылданбайды.

● «Қазақ университетіне» жарияланған мақала көшіріліп басылса, сілтеме жасалуы міндетті.

● Жарнама мәтініне жарнама беруші жауапты.